

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған
музыкалық орта мектеп-интернаты»
Республикалық мемлекеттік
мекемесі

ЛАУАЗЫМДЫҚ
НҰСҚАУЛЫҚ

01.04.2021

дата

Республиканское государственное
учреждение «Республиканская
средняя специализированная
музыкальная
школа-интернат для одаренных
детей имени Куляш Байсеитовой»

Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан

ДОЛЖНОСТНАЯ
ИНСТРУКЦИЯ

№ 25

Бекітемін:

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрлігінің

«Күләш Байсейітова атындағы





дарынды балаларға арналған

РММОМИ» РММ директоры

Абдрашев Б.Т.

«01» 04 2021 ж.

ОҚУ ҒИМАРАТЫ ҚАБАТЫНДАҒЫ ВАХТЕР

Әзірлеген:			
Шаруашылық қызмет меңгерушісі		Айкынбаева Н.С.	
Келісілген:			
Басшылықтың менеджмент сапасы жөніндегі өкілі		Мусрепова М.С.	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрайымы		Кошкарбаева А.Р.	
Кадр жөніндегі инспектор		Касенова Р.С.	
Заңгер		Болсамбеков Н.А.	
Лауазымы	Қолы	ТАӨ	Күні

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ.....	3
3. ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ	4
4. ҚҰҚЫҚТАР	4
5. ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	5
6. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ.....	5
7. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	6

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексінің негізінде әзірленді.

2. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Мектеп) оқу ғимараты қабатының вахтерының лауазымдық міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

3. Оқу ғимараты қабатының вахтеры техникалық орындаушылар санатына жатады және шаруашылық қызмет меңгерушісінің келісімі бойынша мектеп-интернат директорының бұйрығымен жұмысқа қабылданады және босатылады.

4. Оқу ғимараты қабатының вахтеры өз жұмысында төмендегілерді басшылыққа алады:

- 1) Мектеп қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды;
- 2) шаруашылық қызмет меңгерушісінің нұсқаулары мен өкімдерін;
- 3) осы лауазымдық нұсқаулықты.

5. Оқу ғимараты қабатының вахтеры жұмыста болмаған жағдайда (еңбек демалысы, сырқаттануы және т.б.) оның міндеттерін өкімдік құжатымен тағайындалатын жұмыскер атқарады, ол тиісті құқықтарды иеленеді және өзіне жүктелген міндеттерді сапалы және дер кезінде орындауға жауапты болады.

2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

1. Оқу ғимараты қабатының вахтеры білімі мен жұмыс өтіліне талап қойылмай, жұмысқа қабылданады.

2. Оқу ғимараты қабатының вахтеры төмендегілерді білуге міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін;
- 2) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын;
- 3) ғимараттарды мен үй-жайларды күзету бойынша қағидалар мен нұсқаулықтарды;
- 4) Мектептің жұмысының негізгі режимдерін;
- 5) Мектептің ішкі еңбек тәртіптемесінің қағидаларын және басқа да нормативтік актілерін;
- 6) еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы ережелері мен нормаларын;
- 7) өндірістік санитария мен өрт қауіпсіздігін.

Лауазымдық нұсқаулық	Қабат вахтеры	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»		6-дан 3 бет

3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР

Оқу ғимараты қабатының вахтеры төмендегі лауазымдық міндеттерді атқарады:

1. Оқушылардың, педагогтердің, мұғалімдердің, келушілердің, ата-аналардың және басқа да тұлғалардың қабатта болуына қойылатын талаптарды және қағидаларды қатаң сақтайды. Сырт киіммен жүруіне жол бермейді, оқушылардан ауыстыратын аяқ киім киюін талап етеді;
2. Оқушылар өз бетінше сабақ оқыған кезде сыныптар мен кабинеттерге бақылау жүргізеді, сыныптарда және қабатта бөтен адамдардың жүруіне жол бермейді;
3. Су ішу режимін қатаң сақтайды, диспенсерлердің жұмысқа жарамдылығын, оларда судың, бір жолғы қолданылатын стақандардың бар жоғын қадағалайды;
4. Дәретханалар және қабаттағы қоқыс себептері таза және тиісті ретке келтірілгенін бақылайды;
5. Электр қуатын үнемдеу бойынша шараларды жүзеге асырады;
6. Жұмыс орнында қауіпсіздік техникасын сақтайды: өрт, жер сілкінісі және басқа да төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету ережелерін ұстанады, ТЖ кезіндегі өзінің міндеттерін біледі, ТЖ шұғыл қызметтерінің телефон нөмірлерін білуі тиіс;
7. Өзіне бекітілген қабатта материалдық құндылықтардың, мектеп жиһазының, құрал-жабдықтардың жай-күйіне және бүтіндігіне бақылау жүргізеді;
8. Ұмытып қалдырылған заттардың сақталуын қамтамасыз етеді;
9. Өзінің жұмыс орнында реттілікті сақтайды;
10. Жұмыс барысында материалдық зиян келтірудің алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, материалдық зиян келтірілген жағдайда ол туралы басшылыққа дереу хабарлайды;
11. Материалдық құндылықтар мен мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге қауіп төндіретін барлық жағдайлар туралы басшылықты дер кезінде хабардар етеді;
12. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте келтірілген материалдық зиянды толық өтейді.

4. ҚҰҚЫҚТАР

Оқу ғимараты қабатының вахтерының мынадай құқықтары бар:

- 1) басшылықтың өз қызметіне қатысты бұйрықтарымен және өкімдерімен танысуға;
- 2) өз жұмысын жетілдіру бойынша шараларды ұсынуға;
- 3) мектеп басшылығынан өз құқықтары мен міндеттерін сақтауды, орындайтын жұмысында қолдау көрсетуді талап етуге.

Лауазымдық нұсқаулық	Қабат вахтеры
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	6-дан 4 бет

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Оқу ғимараты қабатының вахтеры Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде белгіленген шекте келесі жағдайда тәртіптік жауапты болады:

1) осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін;

2) қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі, ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларын, еңбек тәртібі мен субординацияны сақтамағаны үшін;

3) берілген тапсырмаларды белгіленген мерзімде орындамағаны үшін;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларда белгіленген шекте өз қызметін жүзеге асыру процессінде жасалған құқық бұзушылықтары үшін;

2. Тәртіптік, материалдық және қылмыстық жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу нөмірі	Тіркелген күні	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4

Лауазымдық нұсқаулық	Қабат вахтеры
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	6-дан 5 бет

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Лауазымдық нұсқаулық	Қабат вахтеры
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	6-дан 6 бет